

Өрт қауіпсіздігін  
қамтамасыз ету

Өрт қауіпсіздігін жалпы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету ҚР 2013 ж «Өрт қауіпсіздігі туралы» заңында негізделген. Бұл заңда мынадай түсініктер қарастырылған:

- өрт – материалдық шығынға әкеліп соқтыраты және басқару мүмкін емес жану болып табылады да, ол адамдардың ден саулығы мен өміріне және мемлекет мүддесіне зиян келтіреді;
- өрт қауіпсіздігі – ол адамдардың, олардың мүлкінің, әлеуметтің және мемлекеттің қауіпсіздігі;
- өрт қауіпсіздігі талабы – әлеуметтік және техникалық сипатты арнайы шарттар да, олар заң тұрғысынан өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған;

Өрт қауіпсіздігінің алғашқы шаралары - өрттің алдын алу мақсатында қабылданған нормалар мен ережелерді жүзеге асыру, өртті сөндіруді ұйымдастыру іс-шараларына жататын алғашқы өрт-техникалық және интеллектуалды құралдар, соның ішінде өрт техникасы мен қондырғылары және өрт сөндіргіштер, өртке төзімді заттар мен электрондық есептеу машинасы және базалық ақпараттар көмегімен, өрттен адамдар мен дүние-мүлікті құтқару, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен алдын алу.

Өрт қауіпсіздігі жүйесі деп құрал жабдықтар мен адам ресурсын айтада да, мұнан басқа оған құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық және өрт қауіпсіздігіне бағытталған әлеуметтік, ғылыми-техникалық іс-шаралар жатқызылады. ҚР заң құжаттарына сай өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі жүйеге мемлекеттік басқару органдары, жергілікті жердің мемлекеттік өзі өзі басқару органдары, ұйымдар, және өрт қауіпсіздігіне өзінің үлесін қосатын азаматтар жатады.



Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйе негізінен мынадай функцияны жүзеге асырады:

- өрт қауіпсіздігі саласында нормативтік-құқықтық үйлестіру мен мемлекеттік шараларды жүзеге асыру;
- өрт қауіпсіздігі қызметін жасау және оның жұмысын ұйымдастыру;
- өрт қауіпсіздігі жұмыстарын жолға қою;
- өрт қауіпсіздігі құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін жүзеге асыру;
- өрт қауіпсіздігін насихаттау мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына үйрету;
- ерікті өрт қауіпсіздігі қоғамына жәрдем жасау және тұрғындарды өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шараларына тарту;
- өрт қауіпсіздігін ғылыми техникалық жетістіктермен қамтамасыз ету;

# **Өрт сөндіру техникасы**



**Өрт сөндіру автомобилі**

## **Өрт сөндіру сатысы**



**Өрт сөндіру депосы**

## **Өртті сөндіру құралдары.**

Өрт сөндіру құралдары сыртқы және ішкі өртке қарсы су құбырларынан, өрт басталғанын хабарлау және оны өшіру құралдарынан тұрады.




**Өрт сөндіру құралдары.** Өрт сөндіру құралдары іске қосылу ерекшелігіне байланысты қолмен жұмыс істейтін және автоматты өрт сөндіргіш құралдары болып екі түрге бөлінеді.

Өртті сөндіретін заттармен жарақталуына байланысты өрт сөндіргіштердің мынадай түрлері болады:

- сумен жұмыс істейтін өрт сөндіргіштер (спринклерлік, дренчерлік, реактивті су ағыны);
- көбікті (спринклерлік, дренчерлік);
- ұнтақты;
- газбен жұмыс істейтін ( $\text{CO}_2$ -мен, хладонмен, азотпен, су буымен).



# Өрт құралдары



ГЛАВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ МЧС РОССИИ ПО ЛИПЕЦКОЙ ОБЛАСТИ

**ЕДИНАЯ СЛУЖБА СПАСЕНИЯ**

**01**

**112** **МОБИЛЬНЫЙ НОМЕР**

**001**



**Билайн™**



**010**

**010**



**010**

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ МЧС РОССИИ ПО ЛИПЕЦКОЙ ОБЛАСТИ (4742) 22-88-60**

Назарларыңызға  
рахмет